

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

Список использованных источников

1. Джексон, Шона Л. (2012). «Спортивный фэндом: исследование купания в отраженной славе, спирали молчания и использования языка в социальных сетях», магистр прикладной теории и методологии коммуникации, Кливлендский государственный университет. https://etd.ohiolink.edu/apexprod/rws_etd/send_file/send?accession=csu1337026237&disposition=inline
2. Эллиот, Массачусетс (nd), «Фэндом как религия: социально-научная оценка», издатель не упоминается. <https://mdsoar.org/bitstream/handle/11603/25282/Fandom%20as%20Religion.pdf?sequence=1&isAllowed=y>
3. Хараста, Дж. (2021). Развитие спортивного болельщика: от самоидентификации к «несгибаемому». Афинский спортивный журнал, 8 (1), 9–46. doi: 10.30958/ajspo.8-1-1 <https://www.athensjournals.gr/sports/2021-8-1-1-Harasta.pdf>
4. Балкайте, Елена. (2013). «Духовность в спортивных фанатах: пример английских футбольных и литовских баскетбольных болельщиков», диссертация представлена в Глостерширский университет в соответствии с требованиями степени магистра наук по исследованиям на факультете прикладных наук. https://eprints.glos.ac.uk/1922/1/BALCAITE%20Elena_Spirituality%20in%20Sports%20Fanship.pdf
5. Регина, А. (2017). Феноменологическое исследование спорта и фэндома через Ханса-Георга Гадамера и Мориса Мерло-Понти (докторская диссертация, Университет Дюкен). <https://dsc.duq.edu/cgi/viewcontent.cgi?article=1239&context=etd>

УДК 21.15.47

ҚҰРАН КӘРІМНІҢ ЖАПОН ТІЛІНЕ АУДАРЫЛУ КЕЗЕҢДЕРІ МЕН ЕРКЕШЕЛІКТЕРІ

Бейсекенова Майра Қарсақбайқызы

maryam_b@mail.ru

Л.Н.Гумиле атындағы Еуразия ұлттық университетінің 7М02206-Дэнтану мамандығының 2-курс магистранты, Астана қаласы, Қазақстан, Ғылыми жетекші- Каирбеков Нурлан Ефратович

Ислам дінінің негізгі қайнар көзі қасиетті Құран Кәрім екені белгілі. Қазіргі жаһандану заманында әлемнің түкпір-түкпірінде ислам дінін қабылдап жатқан әр түрлі ұлт өкілдері бар. Исламның негізгі қағидасын түсіну үшін кез келген мұсылман бірінші Құран Кәрімге жүгінеді. Сол себепті де Құранды өз ана тілінде түсіну әр мұсылман үшін өте маңызды. Бұл мақалада біз Құран Кәрімнің жапон тіліне аударылу кезеңдері мен оның ерекшеліктерін ашып көрсетуге тырыстық. Жапония 20-ғасырдың басына дейін Ислам дінімен мүлде таныс емес еді. Ислам олар үшін мүлдем жат түсініксіз дін болды. Жапон сөздік қорында Құран терминдерін түсіндіретін сөз тіркестері болмады. Алғашқы жапон мұсылмандары Құран Кәрімді аудару барысында қандай қиындықтарға жолықты сол туралы қарастырсақ.

Жапонияда ең алғашқы жапон тіліндегі Құран 1920 жылы жарық көрді. Ол «Әлемдегі қасиетті жазбалар» атты айдармен шығарылған 15 томдық жинақтың 2 томын құрады. 2 томның көлемі 22,5х15 см, 1 томда 419 бет болса, екінші томда 428 бет болды. Оны аударған Токио университетінің филология факультетінің түлегі Кеничи Сакамото. Ол араб тілін өте жақсы білгенімен де мұсылман емес еді. Сондықтан да болар ол араб тілін білсе де құранды ағылшын тілінен аударды. Аударма барысында ол үш ағылшын аудармашысының еңбектерін пайдаланды. Олар – Джордж Салле (1697-1736), Дев.Ж.Модовс Родвелл (1808-1900), және

Эдвард Ренри Пальмер (1840-1882). Бұл аудармалардың барлығы Лондон қаласында баслып шыққан болатын.[1]

Кеничи Сакамотоның Құранды түпнұсқадан емес ағылшын тілінен аударуына тағы бір себеп ол Токио университетінің әдебиет факультетінде әлем тарихын зерттеп жүрген болатын. Әлемдегі ғылым тілі бұл кезде ағылшын тілі болып қалыптасып келе жатқанын тарихтан білеміз. Әлем ғалымдарының ойларына сүйеніп аударды деп айтуға да негіз бар. Әлем тарихын зерттеу барысында Сакамотоның Ислам дініне деген қызығушылығы оянып терең зерттеу жүргізе бастайды. Ол құранды ғана аударып қоймай пайғамбарымыздың (с.ғ.сғ) өмір баянын «Мухаммад» деген атпен жазып шығарды. Бұл уақытқа дейін Жапония жұрты араб әлемі, ислам діні ілімінен мүлдем бейхабар еді. Бұл аударма ағылшын тілінен аударылғандықтан көптеген терминдер жапондықтарға түсінікті болды. Аударманың кейбір жерлерінде буддизмнің діни терминдері қолданылса, ал кейбір тұстарында інжілдің терминдері қолданылған болатын. Себебі бұл кезде христиан миссионерлері інжілді толығымен аударып, Жапонияның түкпір-түкпіріне дейін таратып тастаған еді. Ал аудармадағы фразеологиялық тіркестердің баламасы жапон мәдениетінің қалыптасуына көптен көп ықпал жасаған Конфеуций ілімінен алынған болатын. Көріп отырғанымыздай аударма түпнұсқадан өте алшақ жатыр. Әртүрлі діндердің терминдерін кірістірген аударма исламның шынайы келбетін аша алмайды. Сондықтан да болар бұл шығырмамен танысқан Жапон жұрты Исламға тек батыс мәдениетінің бір бөлігі деп қараған айтады өз еңбегінде Абу Бакр Моримото.[1]

Екінші рет Құран жапон тіліне 1938 жылы Токиода мешіт салынған уақытта аударылған болатын. Аударма бір томнан тұрды. «Қасиетті Құран , Ислам қағидасы» деп аталды. Бұл жолы аударма ісіне үш адам ат салысты. Олар: Горо Такахаша, Бунпачиро Арига және Мидзухо Ямагучи. Горо Такахаша аудармаға жауапты болса, Бунхачиро Арига құранның аудармасының басылып шығуына жауап берді.

Аудармашылардың бірі Горо Такахаша әдебиеттанушы және аудармашы болды. Ол сол кезде Киелі кітапты жапон тіліне аударғанымен танымал еді. Тағы бір аудармашы Арига Амадо (Арига Бунхачиро) ең алғашқы жапондық мұсылмандардың бірі. Арига Сакамотоның аудармасы қиын және қымбат, сондықтан қалың жұртшылық үшін жарамсыз деп есептеді. Сол себептен ол Киелі кітап аудармасын жасаған танымал әдебиеттанушы Такахашиге Құран кәрімді аударуды тапсырады. Аударма 878 беттен тұрды. Құран Кәрімнің барлық 114 сүресі аударылғанымен де бұл аудармада не кірспе бөлім, не тәпсір, не әрбір сүреге түсінік берілмеген еді. Тіпті бұл аудармада сүрелердің орындары ауысып кеткен еді. Мысалға, алғаш түскен аят деп білетін Әләк сүресі бірінші болып көрсетілсе, Құранның ең алғашқы Фатиха сүресі сегізінші болып көрсетілген болатын. Көріп отырғанымыздай аударманың аты «Қасиетті Құран, Ислам қағидасы» деп аталғанмен де атына заты сай болмады. Бұл аударма да ағылшын тілінен аударылғандықтан негізгі ислам қағидаларын дұрыс, жан-жақты ашып көрсете алмады. Дегенмен де бұл жапондықтардың ислам әлемімен өз бетінше танысуының алғашқы қадамдары еді. Бұл аудармамен алғаш болып сол кездегі Жапон үкіметінің басшылары, дипломаттар, зиялы қауым оқып танысқан болатын.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Жапония басынан өте қиын заманды өткерді. Екінші дүниежүзілік соғысқа дейін әскери өкіметтің қолдауын көріп отырған көптеген ислам зерттеу орталықтары өз қызметтерін тоқтатты. Соғыстан жеңілген халық үшін бұл уақытта ислам түгілі өз діндері керек емес болды. Олар үшін ең бірінші мақсат күйреген экономиканы қалпына келтіру керек болды. Жапон халқының еңбекқорлығының арқасында экономика жылдан жылға гүлденіп, халықтың жағдайы түзелді. Олар осы уақыт аралығында жоғалтып алған рухани құндылықтарды іздей бастады.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін бірінші болып жапон тіліне жарық көрген аударма «Шумей Окаваның құраны» деп аталды. Ол 1950 жылы ақпан айында жарық көрді. Көлемі 21x15 см, 863 беттен тұрды. Осынау қиын қыстау кезеңде, адамдарға қағаз жетіспей жатқан кезде Құран Кәрімнің аударылуы ғажайып құбылыс еді. Шумей Окаваның неліктен құранды аударғаны ешкімге түсініксіз болды.

Шумей Окава екінші дүниежүзілік соғысқа дейін әскери үкіметтің жүргізген саясаты кезінде маманданған адвокат болды. 1946 жылы 3 майда соғыс қызметкерлерін жазалау барысында Шумей Окава өзін жынды адам ғып көрсетті. Нәтижесінде АҚШ пен Жапон дәрігерлерінің қорытындысы бойынша оның есі дұрыс емес деп көрсетілді. Сот ісі оның емделген уақытында тоқтатыла тұрып, кейін оған қарсы қаралған іс мүлдем тоқтатылды.

Шумей Окава 1886 жылы Жапонияның солтүстік орталығы Ямагота префектурасында дүниеге келген. Ол Токио университетінің әдебиет факультетінің философия бөліміне оқуға түсті. Оны көбінесе үнді философиясы мен жалпы шығыс ойшылдарының философиясы қатты қызықтырды. Оның алғаш исламмен танысуы неміс тілін үйреніп жүргенде басталды. Ол уақытта неміс тілін оқытқан кезде неміс әдебиетін қоса оқытатын еді. Оның алғашқы ислам жайлы түсінігі Гете шығармалары арқылы қалыптасты. Оны батыстың ұлы ақыны Гетенің исламға деген махаббаты қатты таң қалдырды. Гетенің шығармаларынан шабытттанған ол сол кезден бастап құранды ақырындап аударма бастаған болатын. Оның арманы пайғамбарымыз Мұхаммадтың(с.ғ.с.) өмірбаянын жапон тіліне аудару болды. Ол бұл арманына жетті. 1942 жылы ол «Исламға кіріспе » атты еңбек жазады. Бұл еңбек осы уақытқа дейін ислам туралы жазылып келе жатқан шығармалардың ішінде ең үлгілісі еді. Өкінішке орай оның ауруы ары қарай жұмыс істеуіне кедергі келтіреді. Бірақ ол ауруханада жатқан уақытында өз өзіне келіп, Құран кәрімді аударма бастайды. 1948 жылы Құран кәрімді аударып болып, 1950 жылы баспаға береді. Шумей Окава мұсылман болды ма? Жоқ. Ол мұсылман болған жоқ. Ол исламды жан тәнімен зерттеп, пайғамбардың (с.ғ.с.) өмірін үлгі тұтқанымен де өмірден мұсылман болмай өтті. Ол Жапония сияқты мұсылман емес мемлекетте ислам шарттарын орындау мүмкін емес деп есептеді. Оның ислами білімі жоғары еді. Әртүрлі тілдерді жетік меңгергенімен де, араб тілін үйренуге батылы жетпеген еді. Сондықтан да ол өз сөзінде «Тек араб тілін жақсы меңгерген нағыз мұсылман жапондық қана құранның шынайы мағынасын жапон тіліне аударма алады» деп өзінің аудармасы Құран кәрімнің түп нұсқасынан алыс екенін мойындайды.

Жапон тіліне төртінші аударманы философ және лингвист Тошихико Изуцу жасады. Бұл Изуцу аудармасы Жапониядағы араб тілінен алғашқы толық аударма болып саналады. Құран үш томнан тұрады, бірінші томын 1957 жылы басылса, ал екінші және үшінші томын 1958 жылы басып шығарды. Бұл аударманың алдыңғы аудармалардан ерекшелігі тікелей араб тілінен аударылған. Сонымен қатар бұл аудармада 13 ғасырдағы теолог әл-Байдауидің Құран тәпсірлеріне сілтеме жасалып, Еуропада 19 ғасырдан бері жүргізілген зерттеулердің нәтижелері де енгізілген. Бірақ аудармашы исламды зерттеуші ғалым ретінде танылғанымен де, ол да мұсылман емес еді.

Тошихико Изуцу 1914 жылы дүниеге келген. Токиодағы Кейо университетінде философия мен филологияны оқыған болатын. Сонымен бірге ол көптеген шет тілдерін меңгерген. Әсіресе араб тілін өте жақсы білді. Ол құранды ауыз екі тіл үлгісінде аударды. Бұл жағдай көптеген мұсылмандардың Қасиетті Құранның мағынасына нұқсан келтірілді деген наразылығын тудырды. Бірақ Изуцудің ойынша Құран араб тілінде ғана қасиетті болып саналады, ал басқа тілге аударған кезде тәжірмә сияқты ғана болып қалады. Сондықтан аударылған Құран қасиетті болып есептелінбейді. Сонымен бірге құранды аудару барысындағы қиындықтарды айта келіп өз еңбегінде былай дейді: «Араб тілін біз қаншалықты терең білсек, Құранды аударуымыз соншалықты қиындайды, тіпті Құранның дәл мағынасын беру мүмкін емес».[2]

1970 жылы Құранның тағы бір аудармасы жарық көрді. Оны аударып, шығарған жапонның екі арабтанушы ғалымдары Ясунари Бан және Осама Икэда . Бұл екі арабтанушы ғалым Осака университетінің шетелдер зерттеу бөлімінің профессорлары. Олардың аудармасында да Құранның шынайы ұғымы ашылмаған. Оқырмандарды қызықтыру үшін ішіне әртүрлі суреттер қосқан. Ислам тұрғысынан алып қарағанда бұл аулармадан да көптеген қателіктерді табуға болады. Дегенмен де бұл аударма сол кезде Жапонияның түкпір-түкпіріне таралып кетті. Оны елдегі барлық кітап дүкендерінен табуға болады. Тіпті 1980 жылдары мектептерде оқулық ретінде қолданылған болатын.

1970 жылға дейін қарап отырсақ Құран кәрімнің бес түрлі аудармасы жапон тілінде жарық көріпті. Алайда бұның бесеуі де ислам шарттарына жауап бере алмайтын. Бұның себебі неде? Ең бірінші себеп әрине ол, аудармашылардың мұсылман емес екендіктерінде. Құранның шынайы мағынасын тек Аллаға шынайы беріле сенген адам ғана оның қыр-сырын ашып көрсете алады. Толығымен аша алмаса да ислам шарттарын бұзбай мұсылманға түсінікті тілде аударуға тырысады. Алдында аударған аудармашылардың барлығы дерлік бұл шындықты мойындап кетті. Олардың барлығы «Ең жақсы аударманы тек нағыз жапон мұсылман жасай алады» дегенді айтқан болатын. Жапон мұсылмандары бұл қуанышқа да қол жеткізді. Жапон тіліндегі жетінші аударма — жапондық мұсылман және Жапония мұсылмандары қауымдастығының екінші президенті Риоичи Митаның ``Құран Кәрім: жапонша-жапонша аудармасы және түсіндірмесі". Мита 1957 жылы жарияланған Құранның алдын ала өңделген Изуцу аудармасын оқып, ауызекі аударманың діни сипатын сұйылтқанын сезіп, мұсылмандық аударманың қажеттілігін түсініп, Құранды аударуға кірісті. 1962 жылы ол Жапония мұсылмандар қауымдастығының төрағасы қызметінен кетіп, аударма ісімен айналысу үшін Пәкістанның Лахор қаласына көшті. Лахорда «Таблиғи жамағаттың» мүшесі Абдулрашид әл-Жадтан дәріс алып, аудармашылықпен айналысты. Сауд Арабиясының Мекке қаласында орналасқан Мұсылман әлемі лигасы оның Пәкістандағы аударма ісімен танысып, аударма жұмысын жалғастыру үшін Меккеге шақырылды. 1964 жылы ол жерде жол апатына ұшырады, оның мұғалімі Альджад қайтыс болды және өзі ауыр жарақат алды, бірақ келесі жылы 1965 жылы аударманы қайта бастады. 1967 жылы Сауд Арабиясының Жапониядағы елшілігінің басшылығымен «Құранды басып шығару комитетінің жапон тіліндегі аудармасы» құрылып, 1969 жылы түзету жұмыстары аяқталып, 1970 жылы Сауд Арабиясының Мекке қаласында соңғы түзету жұмыстары аяқталды.

Жоғарыда аталған «Құран Кәрімнің» Мита тіліндегі аудармасы 1980-1982 жылдар аралығында Жапония мұсылмандар қауымдастығымен қайта қаралып, 1982 жылы «Құран Кәрім: Жапон-Азия аудармасы және түсіндірмесі» болып аяқталды. Ревизияға Жапония мұсылмандары қауымдастығының қызметкерлері және басқа зерттеушілер қатысты. Қарапайым жапондықтар кішісі мен кәрісі түсіне алу үшін осындай шараға барды деп жазады зерттеушілер.

1988 жылы Атсуши Кобояшидің «Құран Кәрім» кітабын Исламдағы жаңа бағыт Ахмадия тобының бастамасымен Ислам халықаралық басылымдары басып шығарды. Бұл аударма бүгінгі күнге дейін жарияланған Құран Кәрімнің жапон аудармаларының ішіндегі түсіндірмелері ең көп, терминология мен сөйлемдердің түсіндірмесі бар және Құранның қасиеттілігінің түсіндірмесімен ерекшеленеді.[3]

1970-1980 жылдар аралығында Құранның жапон тіліндегі аудармалары мұсылмандар тарапынан мұсылмандар мен қалың жұртшылық үшін бірінен соң бірі басылып шықты. Алайда бұдан кейін Құранның жапон тіліндегі аудармасы жарияланбаған 20 жылдан астам уақыт болды. Осы үзілістен кейін, 2011 жылы Такаши Наката, Каори Наката, Кашуки Шимомура және Йохеи Мацуяманың ``Құран аудармасы: Құранның мәні мен қызметі" кітабын Реймей насихаттау қоғамы басып шығарды. Бұл кітаптың барлық аудармашылары мұсылмандар, аударма академиялық қолдануға төтеп бере алатын тиісті араб тіліндегі аннотацияларға негізделген жапондық мұсылманның бірінші аудармасы болып табылады

Мәтінді аудару кезінде араб тілінің дыбыстары мен ырғақтарына тән хабарды жапон тіліне аудару мүмкін болмайтынын мойындап, сөзбе-сөз аударма таңдалды. Дегенмен, ол сөзбе-сөз аудармаларға тым алаңдаушылық танытқаны үшін сынға ұшырады, нәтижесінде жапон тіліндегідей табиғи емес өрнектер пайда болды. Аударма аннотацияларында "Мейірімді" және "Қайырымды"(Рахман, Рахим сөздері) арасындағы мағыналық айырмашылықтар, сондай-ақ "Алла" сөзінің этимологиясына қатысты әртүрлі теориялар мен классикалық дәуірден қазіргі уақытқа дейінгі зерттеу нәтижелері қамтылған. [4]

2017 жылы Тацуичи Саваданың ``Құран Кәрімнің жапонша аудармасы" жарық көрді. Савада Иранның Құм қаласындағы Ислам заңы институтында білім алған алғашқы жапондық шиит діни қызметкері. Аударма үшін Насер Макалем Ширази (ағылшынша нұсқасы) және

Мұхаммед Хоссейн Табатаба'и сияқты шиит дінбасыларының Құран тәпсірлеріне, сондай-ақ Хосейн Элахи Гомшейхтың Құранның парсы тіліндегі аудармасына (ағылшынша нұсқасы) сілтеме жасалды. Осылайша, аударма шиіттік түсінігі бойынша жасалған, алайда бұл аударманың сүнниттік түсіндіруге негізделген Құранның жапон тіліндегі аудармасынан аса айырмашылығы болған жоқ.[2]

Соңғы бес жылда атап айтсақ 2019 жылы Шу Амин Мизутани жетекшілік ететін «Құран жеңіл жапонша аудармасы» және Саид Сато аударған «Қасиетті Құранның жапонша аудармасы» және 2022 жылы Хирофуми Адел Оки аударған «Құран жапонша оқу» жарық көрді. Сонымен қатар, 2023 жылы Жапония мұсылмандары қауымдастығы аударған «Құранды зерттеу және тәпсір орталығы, Құранның қысқаша түсіндірмесі, заңгер тобы» кітабы жарық көрді.

Жоғарыда келтірген деректерге сүйенсек бір ғасыр уақыт шеңберінде Құран Кәрім 11 рет аударылыпты. Алғашқы кезеңдерде Құран Кәрімді мұсылман емес жапон ғалымдары аударғандықтан жапон қоғамына Құран Кәрім түсініксіз болды. Кейін жетпісінші жылдардың басында жапондық мұсылман бұл олқылықты жою үшін өзінің 12 жыл ғұмырын Құран Кәрімді аударуға жұмсады. Осы бастамадан кейін жапон мұсылмандары бүгінгі күнге дейін алты рет Құран Кәрімді аударды. Жапон мұсылмандарының Қасиетті Құранды түсінуге деген құштарлығы таң қалдырмай қоймайды. Ислам діні Жапонияда осы қарқында дамыса болашақта әлі де аудармалар болады деп ойлаймыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Abu Bakr Morimoto. Islam in Japan its past, present and future. - Islamic center Japan, Tokyo. P.29-37
2. 三浦徹 著「イスラームとの出会い」、三浦徹 編『イスラームを学ぶ』、2013年、5-28頁。
3. 後藤絵美 著「日本におけるクルアーン翻訳の展開」、松山洋平 編『クルアーン入門』 作品社、2018年、125-173頁。
4. 保坂修司「クルアーンの日本語訳について」『中東協力センターニュース』、中東協力センター、2016年6月

УДК 21.15.61

ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫНДАҒЫ РИМ-КАТОЛИК ШІРКЕУІНДЕГІ ДІНИ КОНВЕРСИЯ

Баймағамбетова Айжан Құсайынқызы

kairova09@bk.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

7М02206 – Дінтану мамандығының 2-курс магистранты, Астана қаласы, Қазақстан

Ғылыми жетекші – Токсанбаев Абай Кайратович

Дін руханияттың ежелгі нысандарының бірі ретінде, әлеуметтік-мәдени феномен ретінде, дәстүрлі түрде жеке адамның және жалпы қоғамның рухани өмірінің монополиясына үміткер ретінде қазіргі әлемде таным мен қызметтің өзекті салаларының біріне айналууда.

Ежелден бері қоғамда белгілі бір дінге, тылсым күшке сенуші адамдар бар, одан бөлек оның бәрін жоққа шығарушы немесе оған күмәнданушылар да бар. Сенушілерді сенім мен табиғаттан тыс тылсым күштердің, я бір Құдайдың бар екендігіне деген сенім біріктіреді.

Олардың арасында жануарларға, өсімдіктерге және аспан әлеміне табынатын не болмаса пұтқа табынушылардан бастап монотеистерге дейінгі әртүрлі конфессиялардың өкілдері бар.